




АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1 (106)
Наурыз, 2021 жыл



НАҰРЫЗ

QUTTY BOLSYN!

*Қадірменді Атырау университетінің
ұжымы, әріптестер, студенттер!*

Баршаңызды тарихи тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі, мызғымас бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі деп санаған бұл мейрамның орны айрықша зор. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық. Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, елімізге – молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін. Еліміз өркен жайып, әз Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

Құрметпен, Басқарма Төрағасы-ректор С.Идрисов

МИНИСТР АИДА БАЛАЕВА ЕРІКТІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Ағымдағы жылдың қаңтар айында Ақпарат мәселелері және қоғамдық кеңестердің қызметі туралы заңдарға енгізілген жаңа толықтырулар мен қоғамдық бақылау туралы заң жобасын түсіндіру жұмыстары бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жұмыс сапарымен Атырау облысына келді.

Жұмыс сапары барысында министр Атырау облысы Дін істері басқармасының «Ақпараттық талдау орталығы» КММ, Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ және облыстағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелерімен айналысатын «Мәлдір көз» қоғамдық бірлестігінің жұмысымен танысып, белсенді еріктілермен кездесті.

Кездесуге еріктілер атынан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Жастар саясаты департаментінің маманы Мансия Сағидоллаева қатысты. Бас қосуда мүмкіндігі шектеулі жандар мен еріктілердің ой-пікірлері тыңдалды. Тың ұсыныстар мен сұрақтарды қамтыған отырыста Аида Балаева ортаға салынған мәселелер нәтижелі шешімін табатынын жеткізді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Атырау облысына іссапармен келген «Парасат жолы» республикалық орталығының басшысы, жазушы, қоғам қайраткері Сәдібек Түгел, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының кеңесшісі Жазира Жақсылыққызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттері және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті.



Кездесуде университетте жүзеге асырылып жатырған «Парасаттылық мектебі», «Sanaly Utraq» жобалық кеңсесі мен Әдеп кеңесі жұмыстарымен танысып, оң бағасын берді.

Жиын барысында «Парасат жолы» республикалық орталығының жетекшісі Сәдібек Түгел жемқорлықпен күрес жолында атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралар мен жобалар жайлы баяндап, жастарды қоғамдық кеселмен бірге күресуге шақырды.


Сөз соңында Жазира Жақсылыққызы парасаттылықты, адалдықты насихаттап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін ескелең ұрпаққа ең алдымен, парасатты тәрбие беруде екенін басты назарда ұстауда керектігіне мән беріп өтті.

ЖАҢА ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Өнегелі өмір» сериясынан университетіміздің тұңғыш ректоры Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің өмірбаяны мен еңбектеріне арналған саны жарық көрді. Бұл еңбекте автордың таңдамалы шығармаларынан фотоестеліктер, мұрағат құжаттары, БАҚ шыққан сұхбаттар мен материалдар топтастырылып, 300 бет көлемінде жинақ болып шықты.

«Өнегелі өмір» туындысы Қазақстандағы жетекші университеттердің бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бастамасы бойынша қоғамдық және саяси қайраткерлердің өмірімен таныстыру үшін құрастырылған. Мазмұнды жинақтың алғашқы саны Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа арналды. Сонымен қатар, бірқатар сандарында қазақтың белгілі қоғам қайраткерлері Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, К.Тоқаев, Ш.Мұртаза, М.Әуезовтың өмірдеректері мен еңбектері жарияланған. Осындай біртуар ұлы ғалымдар мен ғұламаларды кейінгі ұрпаққа насихаттауға арналған тың туындының

кезекті саны университетіміздің ректоры, профессор, педагогика ғылымдарының академигі, тарих ғылымдарының докторы, академик, ғалым Х.Б.Табылдиевке арналып, жарыққа шығуы университетіміздің ұжымы үшін де, ғалымның жанұясы үшін де мерейлі жұмыс. Х.Б.Табылдиев атындағы ғылыми-зерттеу институтының жемісті еңбегінің нәтижесінде жарыққа шыққан тағылымы мол дүние мерейімізді арттырады. Алдағы уақытта Х.Б.Табылдиев оқулары ұйымдастырылады деп жоспарлануда.



ОЙЫЛ ӨЗЕНІ НЕ СЕБЕПТІ ҚҰРҒАП КЕТТІ?



Осындай атаумен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті.

Жиын Атырау мен Ақтөбе облыстары ұйымдарының өкілдерімен екі облыс үшін трансшекаралық болып табылатын Ойыл өзенінің геоэкологиялық проблемаларын шешу және Ойыл өзенінің ағындарын қалпына келтіру мақсатында ұйымдастырылды.

ZOOM платформасы арқылы өткен

шарада Қызылқоға ауданы, Миялы ауылының тұрғыны, Қорғаныс саласының зейнеткері Есенбай Сәмеқұлы «Ойыл-Қиыл» өзенінің проблемалары туралы, Баишев университетінің ауыл шаруашылық және экология кафедрасының доценті Ержан Тәжібайұлы Ақтөбе облысы кіші өзендері флорасының тарихи зерттелуі турасында, «Атырау гидрогеология» ЖШС бас директоры Нұргүл Едігеқызы Ойыл өзеннің жер асты суларымен байланысы жөнінде баяндамаларын жасады.

Баишев жоғары медициналық колледжінің арнайы пән оқытушысы Нұрлан Ізденұлы Ойыл өзенінің экологиялық апаттан құтқару мәселесі бойынша атқарылған жұмыстары туралы, «Жайық-Каспий бассейні инспекциясы» РМК басшысы Ғалидолла Азидоллаұлы Ойыл өзенінің бойындағы бөгеттер бойынша атқарылатын іс-шаралар туралы, Баишев университеті, Ғылым және инновация департаментінің директоры Нұржан Қажымұратұлы өзендер мен көлдердің құрғауы секілді экологиялық мәселелерді шешудегі ғылыми көзқарастар туралы, Баишев университетінің Ауыл шаруашылық және экология кафедрасының аға оқытушысы Салтанат Ибрагимқызы Ақтөбе облысы өзендерінің жай-күйін экологиялық бағалау мәселесі жөнінде өз ойларын ортаға салып, Ойыл өзенінің проблемаларын, оның Қызылқоға ауданын сумен қамтамасыз етудегі рөлін талқылады. Жиын соңында негізгі шешімдер мен нақты әрекеттердің жоспарға сай орындалуын бақылау мен қадағалауды – осы проблеманың алдын-алуға ең алғашқы қадам ретінде қарастыруды ұсынды.

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА ГРАНТ ҰСЫНЫЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жабылу салтанаты өтті.

Шараға облыстық білім беру басқармасының басшысы Есенғалиев Сатқан Ыбырайұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы және аудандық білім бөлімінің басшылары мен олимпиада жеңімпаздары қатысты.

Жиын барысында облыстық олимпиада қатысушылары арнайы сертификаттар мен естелік сыйлықтармен марапатталса, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы жеңімпаздарға университет атынан білім гранттарын табыс етті.

Сондай-ақ, облыстық олимпиада жеңімпаздарына еліміздегі ең беделді ЖОО бірі – Қазақстан-Британ

техникалық университетінің гранттары берілді.

Айта кетейік, пандемияға байланысты 5 күнге жалғасқан жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне 419 оқушы қатысты. Олимпиадаға қатысушы қала оқушылары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің базасында, ал аудан оқушылары жергілікті тест орталықтарында отырып, тапсырмаларын орындады. Олимпиада өткізілген кабинеттерге бейнекамералар қойылып, тікелей эфир сілтеме арқылы қатысушылардың ата-аналарына, мектеп ұжымына қолжетімді болды. Оқушылардың жауаптарына алдын-ала шифр қойылып, darynattyrau.kz сайтында жарияланып отырды.

УНИВЕРСИТЕТ САЙТЫ ҮЗДІК 50 ҚАТАРЫНДА

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің веб-сайты «Webometrics Ranking of World Universities» рейтингінде 30 саты жоғары көтеріліп, 48-орынға жайғасты. Әрине, алда алар асулар көп, бірақ аз уақыттар ішінде бұл ілгерілеу осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілгендігін білдіреді.

Веб-метрикс университеттер веб-сайттары рейтингін ғаламтор желісіндегі білім және ғылым қызметін зерделеумен айналысатын испаниялық «Laboratorio de Internet» зерттеу тобы жүргізеді. Webometrics университеттердің жалпы білім беру-ғылыми қызметтерін емес, жоғары оқу орнының Интернет кеңістіктегі жариялануын, таралуын, белсенділігін зерттейді. Webometrics рейтингі

ЖОО-ның желіде жан-жақты толық көрсетілуіне негізделген. Бұл оқу орны туралы кең ақпарат алуға, желілік белсенділігі, оқытушылардың, қызметкерлердің, студенттердің Интернетті пайдалану деңгейлерін көруге мүмкіндік береді. Рейтингтің мақсаты — әлем ғалымдарының жоғары оқу орны сайтына ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін салып, өзара ақпарат алмасуын ынталандыру.



амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» дегенінен шыққан. Ертеде біздің қазақ бұл күнді «наурыз» демеі, «амал» деген. Бұл қазіргі күнгізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді» - деп жазған болатын. Қазақ даласында Наурыздың қандай сипатқа ие болғандығын этнограф-ғалым А.Сейдімбекұлы былайша суреттейді: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр (Қыдыр) қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді... Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша қызықтар көрсетеді... Осынау қызық-думанның ішінде «жанды қуыршақтың» жөні бөлек. Ол үшін жастар ауылдағы ноқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына екі шелек байлайды да: «Ұлыс таң атып қалды, бар елге хабар бер!» деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнелейді. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шалшауқан ербиіп шығады, жастар маз-мейрам болысады...».

Қазақтарда «наурыз көже» атауына ие болған арпадан көже пісіріп, ауылға дәм таттыру. Қазақтар «арпа, бидай ас екен», «наурыз көжені тойып жесең жыл бойына тоқ жүресің» деп бекер айтпаса керек. Ет пен сүтті негізгі тағам қылған қазақтар бұл көжеге айран, сүзбе қатып, қыстан сақтаған сүр етті қосқан. Наурыз көже дайындау әдісінде аймақтық ерекшеліктер байқалады, арпа, ағарған, сүр ет қазақ жерінің барлық өңіріне ортақ болса, батыста, Сырдың төменгі ағысы бойында жүгері, тары, оңтүстікте маш, бұршақ, кеспе қосады. Жетісудың шығыс бөлігінде «көп көже» деп аталады.

Қорыта келгенде Наурыз мұсылман халықтарының тұрмысында ислам дінінен бұрын байырғы зороастризммен бірге сіңген, тамырын тереңнен тартқан бұл мереке халықтың салт-санасына берік орныққан. Сондықтан да, қазақ халқы басынан қанша жаугершілік, ашаршылық жылдарды өткерсе де, наурызды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізген. Мейрамдар - ұлттық сананың бір көрінісі, керек десеңіз ұлттық идеямен сарындас. Сол себепті де Алаш арыстары Наурызды барынша насихаттап, елін езігден алып шығып, ұлтының рухын көтермекші болды. Енді егеменді ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмытылған сырлары мен қырларын қайта жаңғырту бүгінгі күннің басты талабы екендігін назардан шығармағанымыз абзал.

Жамиға ТАҢАТАРОВА,
профессор, тарих ғылымдарының докторы

ЗИЯТКЕРЛІК КҮНІ

Президенттің биылғы наурыз мерекесін кеңінен тойлауға арналған ұсынысының ішінде Зияткерлік күні де ерекше назар аудартады. Зияткер сөзі латынның intellectus сөзінің баламасы. Латынның бұл сөзі қабылдау, ақыл, ұғыну, пайымдау сияқты ұғымдарды береді. Ал зияткер сөзінің түбірі - «зия» араб тілінде «жарық», «нұр», «ағару» деген мағынаға ие. Егер білімді, ақылды адамзатқа берілген ерекше нұр, болмыстың сырын ашатын жарық деп түсінер болсақ, екі ұғымның концептуалдық тұрғыдан мән-мағынасы ортақ, семантикасы айқын екенін көреміз. Жалпы зияткерлік пен интеллект сөзі синоним болып табылады, әрине, халықаралық тұрғыдан кеңінен қолданылатын термин «интеллект» сөзі. «Зияткер» сөзі - адамның ақылын, қабілетін мақсатты түрде қолдануын білдіреді, бұл терең және мақсатты түрде білімді игеру және оны әр түрлі проблемаларды шешуге қолдана білу. Сондай-ақ, зияткерлік дегеніміз - білімді игеру процесі мен білімді прагматикалық тұрғыдан қолдана білудің жиынтығы. Практикалық тұрғыдан алсақ, рухани және материалдық ресурстарды тиімді қолдану,

жасампаз болуы ертеңгі ұлт болашағының кепілі болып табылады.

Енді наурыз мерекесіне байланысты бұл ұғымның атаулы күндер қатарына енуіне келер болсақ, оның да бірнеше объективті себебі және теориялық, ұлттық стратегиялық маңызы бар. Елімізде осы ұғымның мәдениет, білім саласына тіпті саяси ұстанымдар санатына енуі басқа да еліміздің даму стратегиясына байланысты дискурстармен тығыз байланысты болып келеді. Соның ішіндегі бұл ұғым ұлттың XXI ғасырдағы дамуына бағытталған «зияткер (интеллектуалдық) ұлт», «бәсекеге қабілетті ұлт», «зияткерлік әлеует», «зияткерлік ресурс» сияқты терминдермен ұштасады. Бұлардың бәрі тоғыса келіп, бір мақсатты көздейді, ол - қазіргі жаһандану дәуіріндегі ұлттық жаңғыру (модернизация) және ұлттың заманауи талаптарға сай болуы. Соның ішінде бұл атаулы күн осыған дейінгі тұңғыш Президент жариялаған «Интеллектуалды ұлт-2020» деген жобамен сабақтасады. Сол жобамен бірге «адам капитал», «қазақстанның зияткерлік қоғам азаматы», «зияткерлік әлеует» ұғымдары кеңінен қолданысқа енді. Сондықтан наурыз мерекесі

аясындағы бұл атаулы күннің түпкі мақсаты - жастардың бір күнін шығармашылыққа, білімпаздыққа арнау, әлемдік бәсекелестіке қабілетті ұлттың жаңа ұрпағын қалыптастыруға арналған шара өткізу. Наурыз-дәстүрлі мереке, оның үстіне бұл мейрам ұлттың дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтау мен дамытуға да үлкен көңіл бөлінетін шараның бірі. Соның ішінде Зияткерлік күні де ұлттық мәдени кодты жастар арасында кеңінен таратуға, жалпы гуманитарлық білімді дамытуға өз үлесін қосары сөзсіз. Оның өзі еліміздің дамуына зияткерлік инвестиция қосудың жолдары арасында тиімді жолын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Сондықтан бұл күні ұлттық дүниетанымдық шараларды әр түрлі жаңа форматтарда өткізумен қатар, жастар арасында жалпы танымдық зияткерлік (интеллектуалдық) ойындарды кеңінен өткізіп, әр түрлі халықаралық ғылыми олимпиада, конкурстарда жүлдеге ие болып жүрген жастардың насихатталуы дұрыс бағдар болар еді.

Өмірбек БЕКЕЖАН,
Философия ғылымдарының докторы, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі



дұрыс, ұтымды стратегия құру дағдысын, машықтарын игеру болып шығады.

Наурызды тойлауға арналған күндердің ішінде бұл атаулы күннің де орны мен маңызы ерекше деуге болады. Қазіргі технологиялардың, соның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дамыған заманында бұл сөз кең қолданысқа ие терминнің бірі екеніне сөз жоқ. Әлем қазір жасанды интеллект моделдерін жасау үстінде және ол барған сайын кеңінен тарап, тіпті еңбек нарығынан адамның өзін ығыстыратын жағдайға әкелуі мүмкін. Міне, осындай заманда ұлт жастарының озық білімді,





ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ, ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ!

«Өнер алды қызыл тіл» дегендей, халқымыз ежелден қазақ тілінің абыройын биікке көтеріп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып, жоғары бағалаған. Сондықтан қай ұлттың тілі болса да тарихы, тағдыры, тәрбиесі халық болмысының баға жетпес асылы, құнды қазынасы, ұлт рухының ұйытқысы болған. Біздің еліміз әлемнің алдыңғы дамыған мемлекеттерінің қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты дамуына өз үлесін қосатын еліміздің білімі мен парасаты мол қабілетті азаматтары аз емес.

Негізінен бүгінгі таңдағы көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған басты мәселелердің бірі. Көптілділік – нақты коммуникативтік жағдайда, бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш немесе көп тілде сөйлей білу. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе халықтың өмір сүрген тілдік ортасына, мәдени өмірі мен тұрмыс тіршілігі мен басқа да көптеген факторларға байланысты.

Қазіргі заман талабына сай мемлекетіміздің алға қойған басты мақсаттарының бірі – болашақ жастарды үш тілде оқытып оларға жан-жақты білім беру қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тең дәрежеде жүзеге асырылуда. Сондықтан көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашып қана қоймай, олардың білім алуында өз қабілетін көрсетуіне мүмкіндік беретін бірден-бір жолы. Қазіргі таңда көптеген студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі шараларды да үш тілде өткізе алатын деңгейге

жеткенін мақтанышпен айта аламыз. Әрбір болашақ жастың білімге деген құштарлығы мен ұмтылысына олардың әрбірінің талап-тілектерін орындаумен бірге болашаққа деген ізденіс қабілеттерін жан-жақты дамытып, рухани күш беру – оқытушылардың алға қойған басты мақсаты болып отыр. Әсіресе, сабақтан тыс уақытта қосымша өткізілетін үйірмелер мен өткізілетін шараларда да үш тілде бірдей қолданып, оны жастардың бойына сіңіруде алға қарайда толыққанды жағдай жасалына бермек. «Өз тіліңді құрметте, өзге тілдің бәрін біл» деп даналарымыз айтқандай өзге елдердің тілдерін үйретіп, оқыту бағытындағы алға қойған міндеттерді орындау үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Көптілді білім беру факультеті өз үлестерін қоса бермек. Оның ішінде біздің негізгі мақсатымыз – тәуелсіз еліміздегі әрбір жастың бойына адамгершілік асыл қасиеттерді дарыта отырып, қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай, неміс, француз тілдерін толық меңгерген білікті тіл маманы етіп шығару.

Бүгінде университетімізде тілдерді әр түрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы толықтыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалынып отыр.

Біздің факультетіміз ғылыми-педагогикалық кадрлардың білімін арттырумен бірге, студенттердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен де ғылыми және оқу-әдістемелік қарым-қатынастар орнатқан. Мәселен, факультет профессор-оқытушылары мен

студенттері Қазақстан, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Қытай, Венгрия, Латвия, Литва, Турция Болгария, Польша, Испания, Малайзия, Португалия, Қырғызстан, Египет мемлекеттерінде халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алып, тәжірибе алмасады, сонымен қатар әр түрлі курстарға қатысып, біліктіліктерін арттыруда.

Сондай-ақ, қазақ, орыс тілі мамандықтарының профессор-оқытушылар құрамы қазақ тілі мен әдебиеті және орыс классиктерін таныстырып, ұлт мәдениеті мен әдебитін дамытуда жүйелі жұмыстар жүргізіп, көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Факультетке қарасты English Only Space кешенді тілдік студиясы да жұмыс жасауда. Бұл кеңістік шетелге барған кезде шынайы және өмірлік жағдайларды кездестіретін бірегей жабдықтармен, ағылшын тілін қарқынды оқуға арналған (әуежай, университет, кітапхана, дүкен, емхана, қонақ үй, кинозал және т.б.) кеңістіктері қамтылған. Осы тілдік студияға арнайы оқу-әдістемелік құралдар шығарылып, оқытушылар және студенттермен бірлесіп ауыз-екі тілде сөйлесіп үйрену үшін арнайы видео-роликтер дайындалды. Сонымен қатар, English Only Space алаңында оқыту әдістемесі мен студенттердің білім алу деңгейінің нәтижесін анықтау бағытында шетелдік басылымдарға материалдар жарияланды.

Айгүл СҰЛТАНГУБИЕВА,
Көптілді білім беру факультетінің деканы,
филология ғылымдарының кандидаты

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚ АУДАРМАСЫНДА



Әлем әдебиетінде ойып тұрып орын алған британ жазушысы Жоан Роулиннің аты әлемге белгілі шығармасы «Хэрри Поттер» кітабының алғашқы бөлімі өткен жылы қазақ тіліне тәржімаланған болатын. Аударма оқырмандардың көңілінен шығып, ыстық ықыласына бөленіп, қолдауға ие болды. Бүгінде кітаптың «Хэрри Поттер және Азқабан тұтқыны» аталған үшінші бөлімі сатылымға шықты.

Балалар әдебиетіне арналып жазылған, бүкіл әлемге сиқыршы бала Хэрри атпен танылған шығарманы бүгінде жастар да, ересектер де қызығушылықпен оқиды. Жазушы бұл кітаппен оған дейін жазылған шығармалардағы ұғымды «тас-талқан» етіп, балалар әдебиетіне жаңа леп әкелген еді. Қазақ жұртшылығына 20 жыл уақыттан кейін «Хэрри» болып келген бұл шығарма айналасындағы қызу талқы әлі күнге дейін басылар емес. Бұған себеп құлаққа жатталып қалған «Гарридің» «Хэрри», «Джоан Роулиннің» «Жоан Роулин», «Гермионаның» «Херми-

она», «Василисктің» «Аждаха», «Тисовый» көшесінің «Қынаағаш» сияқты т.б боп өзгеруі еді. Аударма авторлары бұл мәселеге жауап ретінде кітаптың түпнұсқадан қазақ тіліне аударылғанын, ағылшын әріптерінің «ә», «ң» болып оқылуы арқасында қазақ пен ағылшын тілдерінде ешқандай фонетикалық кедергінің жоқтығын айтты. «Steppe & World Publishing» баспасының басшысы Райса Қадыр ханымның журналистерге берген жауабында «қазақты әлемге таныту үшін әуелі әлемді қазаққа таныту керек» деген екен.

Олай болса көп томды «Хэрри Поттерді» қалың жұртшылық қалай қабыл алды? Шетел әдебиетін оқуға қызықтыратын қандай шаралар қолға алынып жатыр?

Бұл кітапты оқуға қызығушылық танытқандардың басым көпшілігі балалар, жасөспірімдер мен жастар болып отыр. Ал орта және егде жас өкілдерінің жартысы бұл шығармамен таныс еместігін айтса, қалғаны балалық кезімді еске алу үшін оқимын дейді. Дегенмен кітаптың бүгінгі таңда өз елімізде ең көп сатылымда жүргені айтпасақ та түсінікті жағдай.

Елімізде жыл сайын өтетін «Бір ел – бір кітап» акциясының кезекті отырысында биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» атты рухани-мәдени акция ұсынылды. Бұл акцияға Мәзін Динара тәржімалаған «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» енген болатын. Университетіміз де акцияға белсенділік танытты. Берілген 30 кітапты студенттер мен оқытушылар оқып, танысып, өзара қызу талдауға да кірісіп кеткен болатын. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-3 курс студенттері Т. Нұрмағамбетовтың «Періштелердің өлімі», Т. Жармағамбетовтың «От-амалы» шығармаларына, филология мамандығының 1-курс студенттері Т. Сәукетайдың «Желқайық» романына талдау жасап, көпшілікке үлгі



Бауыржан Жуа

бола білді. «Хэрри Поттер және пәлсапа тас» кітабына көңіл бөлген филология мамандығының 3-курс студенттері де кітапты толықтай әрі жан-жақсы талдады. Шара барысында студенттер аударманың өте сәтті шығып, оқуға да жеңіл екенін ерекше атап өткен болатын.

Қазіргі таңда қазақ тілінде сапалы аудармалар қатары көбейіп келе жатыр. Оған дәлел «Steppe & World Publishing» баспасының келер шаққа жоспарының ауқымдылығы. Баспадағы негізгі үлес Хэрриға бөлінгенімен аудармашылар мұнымен тоқтап қалмай шетелдің басқа да атақты жазушыларының

шығармаларын өзіміздің ана тілде тәржімалауға кірісіп кетті. Бұл тізімге атақты Стивен Кинг, Роальд Даль, Джефф Кинни, Хал Элорд секілді жазушылардың кітаптары кірген болатын. «Дала және әлем» баспасының басты мақсаты әлемнің үздік классиктерін аудару арқылы сауатты ұрпақты тәрбиелей білу болса, оқырман ретінде біздің мақсатымыз көп білуге, үйренуге ұмтылу болып қалмақ.

Мархаббат ОРАЗОВА,
Филология мамандығының студенті

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАР - АРАМЫЗДА!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 5 оқытушысы республикалық «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы-2020» конкурсының жеңімпаздары атанды. Аталмыш конкурсқа еліміздің 73 жоғары оқу орнынан 623 үміткер қатысқан. Байқау қорытындысы бойынша 48 оқу орнынан 150 оқытушы үздік деп танылды. Жоғары оқу орнындағы профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби-педагогикалық мәдениетін, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының деңгейін арттыру, кәсіби салада педагогтің өзін-өзі жетілдіруі үшін қолайлы жағдай жасау, оқытушылардың одан әрі кәсіби дамуына деген ынтасын арттыруды мақсат еткен бұл байқау жыл сайын өткізіледі.

Өздерінің іскерлігі мен көп жылдық тәжірибелерінің нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экология кафедрасының меңгерушісі, тех.ғ.к. Есенаманова Мансия Санақызы, Есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы Қанатова Айнұр Жұмабайқызы, Бағдарламалық инженерия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тех.ғ.к. Махатова Валентина Еркінқызы, Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тех.ғ.к. Мырзашева Айгүл Нармағанбетқызы, Қылымстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Шаяхметова Жанна Бекболқызы үздіктер қатарынан орын алды.

Қазақстандағы жоғары оқу орындары ұстаздарының біліктілігін арттыруға бағытталған бұл байқаудың тарихына үңілсек, 2005 жылы сол кездегі ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында»



бастамасынан кейін ҚР Үкіметі арнайы қаулы шығарып, жыл сайын еліміздің үздік жоғары оқу орындарының үздік оқытушылары таңдалып алынып, біліктілігін арттыруға 2000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде арнайы гранттар бөледі. Аталмыш ақшалай сыйақы оқытушыларға ғылыми зерттеулермен айналысып, Ұлыбританияның, Германияның, Францияның, Италияның, Испанияның, Бельгияның, Польшаның, Чехияның, Венгрияның, Швецияның, Австрияның, Болгарияның, Литваның, Латвияның және басқа да елдердің жетекші университеттерінде шетелдік тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді.

кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ахметова Ұлжан Төлегенқызы - «ЖОО үздік оқытушысы- 2014», экономика ғылымдарының кандидаты Мұсаева Айман Амангелдіқызы - «ЖОО үздік оқытушысы - 2015», Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Эльмира Мизамғалиқызы Әдиетова - «ЖОО үздік оқытушысы - 2016», Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор, қауымдастырылған профессор, п.ғ.к. Ләйла Ерболатқызы Қойшығұлова - «ЖОО үздік оқытушысы - 2016», Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты Нұргүл Қыдырбайқызы Шаждекеева - «ЖОО үздік оқытушысы - 2016», экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сабырова Рысты Қуандыққызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2017», педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Абдол Элеонора Досжанқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2017», Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а.

гия және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры Сабырова Жаңылсын Нұрмұханқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2018», филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР Журналистер Одағының лауреаты, ҚР журналистер Одағының мүшесі, Халықаралық Еуразия Телевидение және Радио академиясының академигі және Радио Мәншүк Тынышқалиқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2018», Техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғұлов Бекет Зинешұлы - «Үздік оқытушы-2019», п.ғ.д., профессор Джанзақова Шолпан Исағалиқызы - «Үздік оқытушы-2019», педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қуанбаева Баян Олжағалиқызы - «Үздік оқытушы-2019», жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің физика және техникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Бекова Гүлдана Таңбайқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2019», химия және химиялық технология



тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында «...Енді оқытушылар жайында. Олардың проблемалары да бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім министрлігі Жоғары оқу орындарының ассоциациясымен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелде тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие «Үздік оқытушы» мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді», - деп атап өтіп, осы бағытты дамытуға нақты тапсырмалар берген еді. Елбасының осы

Сол уақыттан бері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің көптеген оқытушылары өз ізденістері мен ұстаздық тәжірибелері арқасында әр жылдардың үздігі атанды. Жеңісті жолды химия ғылымдарының докторы Насыров Рахметолла Насырұлы бастап, 2005 жылдың үздік оқытушысы болды. Барлық грант иелері:

Физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ележанова Шынар Қапарқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2008», биол.ғ.д., профессор Сағындықова София Зұлхарнайқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2011», тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Қазақстан және дүниежүзі тарихы



Өтепқалиева Қансұлу Мұсақызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2018», заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Дюсебаева Соледад Сағынқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2018», Ректор аппараты жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қайырғалиева Гүлфайруз Қайырғалиқызы - «ЖОО үздік оқытушысы-2018», психология ғылымдарының кандидаты, Психоло-

кафедрасының профессоры Шамбилова Гүлбаршын Қожахметқызы - «Үздік оқытушы - 2019».

Ізденімпаздығы мен ғылымға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында осындай үлкен жетістікке жеткен барлық оқытушылар алыс және жақын шетелдерде тағылымдамадан өтіп, университетіміздің өркендеуіне сүбелі үлестерін қосып келеді. Мерейлеріңіз үстем болсын. Біз сіздерді мақтан тұтамыз!

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Редакция:

Қ.Сансызбаев - Редактор
П.Тулин - дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы - фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта - media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #340 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана

